

ӘОЖ 332.12  
ҒТАМР 11.15.41

## СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ САЯСИ ӨМІРІН ЖАНДАНДЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҮКІМЕТ ШАРАЛАРЫ

Г.Н. Ахметжанова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл, Қазақстан

### Аңдатпа

Бұл жұмыс Солтүстік Қазақстан облысының тәуелсіздік жылдарындағы саяси, әлеуметтік – экономикалық дамуы туралы мәліметтер мен зерттеу еңбектерінің нәтижесі болып табылады. Ғылыми зерттеудің нәтижесінде облыстың тәуелсіздік жылдарындағы жастар саясаты, экономиканың жан – жақты дамуы, жұмыссыздық, сынды өткір әлеуметтік және саяси мәселелер талқыланып, аталған еңбекте көрініс тапты. Аталған жұмыстың нақтылығын көрсету, статистикалық мәліметтермен дәлелдеу мақсатында кестелер қолданылған. Қазіргі таңда мемлекетте жастар арасындағы жұмыссыздықты жою үшін көптеген бағдарламалар ұйымдастырылуда. Атап айтатын болсақ, «Дипломмен ауылға», «Жасыл ел» және «Даму» тағы да басқа жобалар. «Дипломмен ауылға» бағдарламасының негізгі мақсаты – жас мамандарды жұмыспен қамту болса, екінші мақсаты ауылды дамыту болып табылады. «Жасыл ел» бағдарламасындағы негізгі мақсат – табиғатты қорғау болып табылады. Бұл жоба негізінен экономикалық жоба. Нақты айтқанда қаланы көркейтіп, экологиялық таза аймаққа айналдыру үшін құрылды және де бұл жобаға студенттер ғана қатыса алады. Бүгінгі таңда бұл жобалардың барлығы да өз нәтижелерін беруде. Сонымен қатар қарқынды дамып жатқан жобалардың бірі «Даму» болып табылады. Аталған жобаның мақсаты – халықты жұмыспен қамтумен қатар, әр түрлі мамандыққа баулу. Бұл жобада жас шамасы шектелмеген, яғни кез – келген адам белгілі бір мамандықты меңгеріп, ары қарай жұмыс жасай алады. Бүгінгі күнде еліміз техника мамандарына зәру екені белгілі. Бұл мәселеге байланысты мемлекетімізде техникалық мамандықтарға көптеп көңіл бөлініп жатыр. Мысалы, «Даму» бағдарламасында оқытылатын мамандықтардың басым бөлігі техникалық мамандықтар. Еліміздің болашағы – білімді жастардың қолында. Мемлекет тарапынан әлі де көптеген жақсы жобалар ұйымдастырылады деген ойдамын.

**Түйінді сөздер:** әкімшілік – аумақтық бөлініс, облыс, қала, конституциялық құқық, статистика, жастар мәселесі, халық, жастар саясаты, жастар форумы, «электронды үкімет», жұмыссыздық, «Дипломмен – ауылға!», «Жасыл ел» және «Даму» мемлекеттік бағдарламалары.

## МЕРЫ ГОСУДАРСТВА И ПРАВИТЕЛЬСТВА, НАПРАВЛЕННЫЕ НА АКТИВИЗАЦИЮ ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЖИЗНИ СЕВЕРО–КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Ахметжанова Г.Н.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>СКГУ им. М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан

### Аннотация

Данная работа является результатом труда в области исследования политического, социально – экономического развития Северо – Казахстанской области в период Независимости страны. В результате научного изыскания помимо вышеуказанного были проведены исследования в области политических и экономических процессов, молодежной политики, безработицы, благосостояния населения области, часть из которых так же вошли в данную работу. Для точной научной убедительности текстовый материал работы сопровождается набором таблиц. В настоящее время в стране проводится множество программ, направленных на устранение молодежной безработицы. В частности, такие проекты как «С дипломом в село», «Жасыл ел» и «Даму» и другие. Основная цель программы «С дипломом в село» – обеспечение занятости молодых специалистов, а вторая – развитие села. Основной целью программы «Жасыл ел» является охрана природы. Это в основном экономический проект. В частности, город был создан для благоустройства и превращения в экологически чистую зону, и в этом проекте могут участвовать только студенты. На сегодняшний день все эти проекты дают свои результаты. Кроме того, одним из наиболее динамично развивающихся проектов является «Даму». Цель данного проекта – не

только обеспечение занятости населения, но и привлечение к различным профессиям. В этом проекте возраст не ограничен, т. е. любой человек может овладеть определенной профессией и работать дальше. Как известно, сегодня наша страна нуждается в специалистах техники. В связи с этим в стране большое внимание уделяется техническим специальностям. Например, в программе «Даму» большая часть специальностей, обучаемых по техническим специальностям. Будущее страны – в руках образованной молодежи. Я думаю, что со стороны государства будет еще много хороших проектов.

**Ключевые слова:** административно – территориальное деление, молодежная политика, область, город, конституционные права, статистика, проблемы молодежи, народ, политика молодежи, форум молодежи, «электронное правительство», безработица, государственная программы «С дипломом – в село!», «Жасыл ел» и «Даму».

## MEASURES OF THE STATE AND GOVERNMENT AIMED AT ENHANCING THE POLITICAL LIFE OF THE NORTH KAZAKHSTAN REGION

G. Akhmetzhanova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>*NKSU named after M. Kozymbaev, Petropavlovsk, Kazakhstan*

### Abstract

This work is the result of work in the field of research of political, social and economic development of North Kazakhstan region in the period of Independence. As a result of scientific research, in addition to the above, studies were conducted in the field of political and economic processes, youth policy, unemployment, welfare of the population of the region, some of which were also included in this work. For accurate scientific persuasiveness, the text material of the work is accompanied by a set of tables. Many programmes aimed at eliminating youth unemployment are currently being implemented in the country. In particular, such projects as «with a diploma in the village», «Zhasyl El» and «Damu» and others. The main goal of the program «with a diploma in the village» – employment of young professionals, and the second – the development of the village. The main purpose of the program «Zhasyl El» is the protection of nature. It's basically an economic project. In particular, the city was created for improvement and transformation into an environmentally friendly zone, and only students can participate in this project. To date, all these projects are yielding results. In addition, one of the most dynamically developing projects is «Damu». The purpose of this project is not only to provide employment, but also to attract people to various professions. In this project, the age is not limited, i.e. anyone can master a certain profession and work further. As you know, today our country needs technical specialists. In this regard, the country pays great attention to technical specialties. For example, in the program «Damu» most of the specialties trained in technical specialties. The future of the country is in the hands of educated youth. I think there will be many more good projects on the part of the state.

**Key words:** administrative – territorial division, youth policy, region, city, constitutional rights, statistics, youth problems, people, youth policy, youth forum, «electronic government», unemployment, state programs «with diploma – to the village!», «Zhasyl el» and «Damu».

### Кіріспе

Бүгінгі таңда тәуелсіз Қазақстан Республикасының даму барысында Солтүстік Қазақстан облысының әлеуметтік – экономикалық өркендеу қарқыны жайында сөз етер болсақ елбасының мына бір пікірлері еркісіз ойға келеді: «Солтүстік Қазақстан облысы әлеуметтік – экономикалық даму қарқыны жөнінен қазір еліміздің озық өңірлерінің қатарында. Мұнда жүзеге асырылуы тиіс экономикалық өсімді және халықтың тұрмыс деңгейін арттыруды қамтамасыз ететін шаралар қолданылуда. Солтүстік Қазақстанның кәсіпорындарында өнеркәсіпті облыстың аршынды дамуын қамтамасыз ететін деңгейге көтеруге мүмкіндік беретін әулет бар» [1]. Сөзіміз дәлелді болуы үшін облыстың әлеуметтік экономикалық даму қарқыны мемлекеттің стратегиялық бағыт бағдарламаларына сай жүзеге асырылуда. Бұл бағытта облыс әкімшілігі аймақтың агроөнеркәсіп саласына негізделген ерекшелігін ескере отырып, өлкенің экономикалық

және әлеуметтік әлеуетін осы тұрғыда негіздей білді. Экономика саласына тоқталатын болсақ, еліміздің Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» ұзақ мерзімді Стратегиясында өңірлердің және бүтіндей республиканың дамуының басты бағдарлары айқындалған. Агроөнеркәсіп кешені облыс экономикасының аса маңызды саласы болып табылады, оның облыс экономикасындағы үлес салмағы – 25 %. Облысымыз ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп қатар дамитын өңір болғандықтан, бұл екі саланың жағдайы жалпы экономиканың өсіміне айтарлықтай әсер етеді. Ол облыс экономикасының төрттен бір бөлігін құрайды. Экспортты әртараптандырудың және тұрғындарды жұмыспен қамтуды арттырудың негізі ретінде агроөнеркәсіп кешенін интенсивті дамыту облыстың негізгі басымдылықтарының бірі болып табылады [2].

### Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмыстарының барысында Солтүстік Қазақстан облысында жергілікті мемлекеттік басқару облыс, аудандар және облыстық маңызы бар қала деңгейінде көрсетілген жергілікті өкілетті және атқарушы органдармен жүзеге асырылып отыр.

Жергілікті мемлекеттік басқару Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік және өзін – өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 23 қаңтардан 2001 жылының № 148 – II Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Әкімшілік – аумақтық бірліктер. 2010 жылдың 1 қаңтарына Солтүстік Қазақстанның әкімшілік – аумақтық бөлінуі: 13 аудан мен 5 қала (1 – облыстық бағыныстағы, 4 – аудандық бағыныстағы), 204 ауылдық және селолық округ [3,36–п.]. 2013 жылғы 1 қаңтарға ауылдық (селолық) округтардың саны 202 бірлікті құрады [4].

Жалпы алғанда әкімдер сайлауын енгізудің бірегей мақсаты, ол барынша елдегі мемлекеттік басқарудың ашық, тиімді және оңтайлы моделін қалыптастыру болып есептеледі.

Ауылдық округтерінің әкімдерін сайлауды өткізу және ұйымдастыру тәртібі еліміздің, яғни Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 555 Жарлығымен бекітілген елдегі аудандық маңызы бар ауылдық округтері, қалалары, ауылдық округтің құрамына кірмейтін ауылдар мен кенттері әкімдерінің сайлауын өткізу ережесімен шектеледі [2].

Солтүстік Қазақстан облысында аудандық маңызы бар ауылдық округтер, қала әкімдерінің сайлауы 2013 жылдың 7 тамызында өткізілді. Аудандық сайлау комиссияларының ұсынған мәліметтеріне сүйенсек, дауыстарды есептеу нәтижесі бойынша әкімдер сайлауы аудандық маңызы бар 190 ауылдық округте және 4 қалада өтті.

Жергілікті өзін – өзі басқаруды дамытудың тұжырымдамасын іске асыру барысында қабылданған, ҚР 2013 жылдың 13 маусымдағы Заңын және «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті басқарудың өзін – өзі дамытудағы мәселелеріне өзгерістер мен толықтырулардың енуі туралы», «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару органдары арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату бойынша мәселелеріне өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі туралы», ҚР 2013 жылғы 13 маусымдағы Заңын іске асыру аясында жергілікті өзін – өзі басқаруды дамыту мақсатында жергілікті деңгейдегі мемлекеттік басқаруды дамыту жұмыстары жүргізілуде [5].

Жалпы алғанда, қабылданған Заңдардың ережелері келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

– жиындар мен жиналыстар арқылы азаматтардың конституциялық құқығын жүзеге асыру, тұрғындардың еркін қалауын білдіру нәтижесінде жергілікті өзін – өзі басқаруды іске асыра білу;

– ауылдық округ құрамына кірмейтін аудандар мәслихаттарымен аудандық маңызы бар ауылдардың, қалалардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды өткізу;

– тұрғындардың сапалы санитарлық жағдайын, тұрғын үй–коммуналдық қызметті алуына, басқарушылық шешімдерді қабылдауға қатысу жолымен қоғамдық тәртіпті жақсартуға қызығушылығын арттыру;

– елдегі маңызы бар мәселелерді шешуге бөлінген бюджеттік қаражаттарды игеру мониторингісіне жергілікті тұрғындардың қатысуы;

– оларға қаржылық қаражат беру, коммуналдық меншік жолымен жергілікті маңыздылығы бар өзекті проблемаларды шешуде төменгі деңгейдегі әкімдердің дербестігін кезең – кезеңмен арттыру [6].

Осы шаралардың барлығы жергілікті өзін – өзі басқаруды дамытуға, жер – жерлерде өмір сүру деңгейін жақсартуға бағытталған. Енді осы алға қойылған іс – шараларға жету жолын талдайтын болсақ, әлеуметтік маңызы бар қызметтерді көрсету сапасына халықтың қанағаттану деңгейі көрсетілген әлеуметтік маңызы бар қызметтердің жалпы саны бойынша тұтынушы толтырған қызмет көрсету карточкасының саны бойынша анықталатын болады. Электронды мемлекеттік қызметтер бойынша қызмет алушылардан пікір сұрастыру «Электронды үкіметтің өңірлік шлюзі» ақпараттық жүйесінің көмегімен жүргізіледі, олардың «Электронды үкімет порталы» арқылы мемлекеттік қызмет алуы кезінде автоматты түрде пікір сұрастыру нысаны шығады, мәліметтер де қызмет көрсетушіге де қолжетімді және қанағаттандырылудың жалпы есебінен енгізіледі.

Облыстық Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру жоспарлары жыл сайын әзірленетін болады және осы жоспарларды іске асыру тексерілетін болады. Жоспарлар мемлекеттік қызметтерді 100 пайыз регламенттеуге, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзу және оларды ұсынуға шағымдар санын төмендетуге бағдарланатын болады.

Азаматтар мен ұйымдардың мемлекеттік электронды қызметтерге қолжетімділігін арттырудың арқасында Халқымызға қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсетілетін қызметтер саны жоғарылайтын болады (қызметтерді ХҚКО көшіру жөніндегі ұсыныстар жоғары тұрған мемлекеттік органдарға жолданылатын болады).

Электронды форматта мемлекеттік қызметтерді ұсыну ұйымдастырылады. Міндетті автоматтандырылуы тиіс қызметтердің тізбесі ҚР Үкіметінің 2010 жылғы 19 қазандағы № 1080 қаулысымен бекітілген. Электрондық форматтағы мемлекеттік қызметтерге тұрғындардың Солтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік қызметтер порталы арқылы және электрондық үкіметтің веб – порталы арқылы қол жеткізуіне болады.

Облыстық мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметтерді көрсетуге бағытталған ішкі бизнес – үдерістерін автоматтандыру ведомстволық ақпараттық қызметтерді енгізу есебінен қамтамасыз етіледі. Қызметтің бизнес – үдерісінің автоматтандырылуын қамтамасыз ететін жүйенің болмағаны жағдайда «Өңірлік шлюз «электрондық үкімет» шлюзының кіші жүйесі» АЖ шеңберінде іске асырылатын облыстық мемлекеттік органдар қызметкерлерінің автоматтандырылған жұмыс орындары енгізіледі, бұл:

- «электронды үкімет» шлюзына қосылған мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінен ақпараттар алуды;
- «электрондық үкімет» порталы арқылы электрондық қызметтерді ұсынуды;
- ХҚКО БІАЖ мониторингілеу кіші жүйесіне мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен мемлекеттік органдардағы өтінімдерің өту мәртебесін тапсыруды;
- Халыққа қызмет көрсету орталықтарында ХҚКО БІАЖ мемлекеттік қызмет көрсетуге қабылданған халық өтінімдерін қызмет көрсететін мемлекеттік органның ақпараттық жүйесіне беруді (аталған тетік ХҚКО – дан МО – ға өтінімге қосымша ұсынылатын пакетін құжаттарды курьер арқылы берудің күшін жоймайды) қамтамасыз етеді.

Облыстың саяси жүйесінде өз орны бар ол – облыстың жастар саясаты. Бірінші тараушада біз облыстағы жүргізіліп жатқан жастар саясатының оң нәтижелері мен проблемаларына тоқталған болатынбыз. Жалпы соңғы жылдары облыс тармағындағы жастар саясаты жөніндегі жастар орталықтары мен кеңестерінің жұмыстары белсенді түрде өрбиде. Мемлекетіміз ауыл жастарын қолдау мақсатында қолайлы жағдай жасап, «Дипломмен – ауылға!» жобасы аясында 2015 жылы 321 жас маманымыз жалпы сомасы 44,5 миллион теңге болатын жәрдемақыға ие болды. Бұл кезеңде 157 маманға 415,3 миллион теңге несие тапсырылды [7].

Былтыр жұмыс берушілердің белсенді қолдауымен «Жастар практикасы» жобасы шеңберінде 352 жас маман «Жастар практикасынан» өтті. «Жасыл ел» бағдарламасы төңірегінде жұмыспен 323 адам қамтылды. Жастарды еңбекке орнықтыру мақсатындағы мемлекеттегі қолдау шаралары нәтижесінде өңірімізде жұмыссыз жастар деңгейі 2015 жылдың қорытындысы бойынша 2,9 % болды [2].

Облысымызда қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қызметті қолдау қалыпты өмірдің айтарлықтай маңызды бөлігіне айналды. Былтырғы жылы облыстың ішкі істер органдары аудан әкімдерімен біріге отырып, ауылдық жерлерде тұрғындардың 1025 жиынын өткізді, оларда қоғамдық малды бағуды ұйымдастыруға, азаматтардың құқық тәртібін қорғауға, «Сақшы» отрядын құруға қатысты мәселелер қаралды.

Нәтижесінде облыста мал ұрлау оқиғасы 44 пайызға қысқарды, оларды ашу көрсеткіші 13 пайызға өсті. Көшелер мен басқа да қоғамдық орындарда тәртіп орнату жөніндегі жұмыстар жандана бастады. Облыс орталығында үш ауысымдық патрульдеу енгізілді.

Облыс аумағында 158 бейнебақылау қондырғысы (облыс орталығында – 74, аумақтық бөлімшелерде – 84) жұмыс істейді. Олардың көмегімен 282 қылмыс ашылып, 13 мыңнан астам құқық бұзушылық анықталып отыр.

Тәртіп пен заңдылықты қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстардың нәтижесінде кісі өлтіру саны 19,5 пайызға (ашылуы 96,7 %); тонау 17,5 пайызға (ашылуы 81,2 %); бопсалаушылық 51,6 пайызға (ашылуы 100 %); бөтен адамның мүлкін ұрлау 12,9 пайызға (ашылуы 71,4 %); зорлау 19,2 пайызға (ашылуы 100 %); бұзақылық 5,8 пайызға (ашылуы 100 %) қысқарды [8].

Жастар саясатын іске асыруға бағытталған қаржының жалпы алғандағы көлемі 2014 жылы – кемінде 111,6 млн. теңгені құраса, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыруға бағытталған жалпы сома кемінде 34,3 млн. теңгені құрады. Жастармен мекен – жайлық жұмысты қамтамасыз ету мақсатында жұмыс орны және оқу бойынша өңірімізде жастар істерінің барлық түрлері бойынша 31 комитет өз қызметін жүзеге асырып отыр (24 оқу орнында және 7 кәсіпорында).

Облыста жастар бастамасымен 14 орталықтар құрылып қазіргі таңда жұмыс істеуде. 2014 жылы Жастар бастамасының орталығына жастар санынан 774 адам шағымданды. Талдау көрсетіп отырғандай, өтініштердің негізгі сипаттамасы жас отбасыларды қолдау бойынша тұрғын үймен қамтамасыз ету, жұмысқа орналасу, бос уақыт, юрист, психолог пен мемлекеттік бағдарламалардың консультативтік көмегін құрады. Ағымдағы жылы «Жастар тәжірибесі» жобасы аясында 67,1 млн. теңге жалпы сомасында 350 жас маман жұмысқа орналастырылды. Аудан әкімдерінің айтылған қажеттіліктері бойынша әлеуметтік қолдау шараларымен 314 маман қамтылды. Бұл мақсаттарға республикалық бюджеттен жеңілдік несиелеуге 386,9 млн. теңге бөлінді, аудандық бюджеттен көтерме жәрдемақыға 38,0 млн. теңге бөлінді.

«Жасыл ел» бағдарламасы аясында жазғы кезеңде оқу мекемелерінің 323 студенті мен жұмыссыз жастар жұмысқа орналастырылды. Бағдарлама қатысушылары облыстың 12 мемлекеттік орман мекемелерінде жұмыс істеді. Бюджеттен еңбекақыға 9,5 млн. теңге бөлінген. Жобаны игеру 100 % құрады. Өткізілген жұмыстың нәтижесі бойынша ағымдағы жылы «Жасыл ел» қатысушыларымен 5 873 көшет отырғызылды, 600 гектар жер өңделді, сондай – ақ 57 гектар Петропавл қаласында, 543 гектар облыс аудандарында. Мамандардың бес жылда әлеуметтік қолдау шараларын жүзеге асыруға бағытталған бюджеттік құралдар көлемі 1 млрд. 615 млн. теңгені құрады, сондай – ақ көтерме жәрдемақыны көрсетуге 242 млн. теңге мен тұрғын үйді алуға бюджеттік несиелеу үшін 1 млрд. 373 млн. теңге бөлінді [2].

2014 жылы барлығы 10 мың іс – шара өткізілді, жастармен қамтуы 300 мыңнан астам адамды құрады.

2016 жылдың қаңтар – қыркүйек кезеңі аралығында тіркелген жастар ұйымы 2014 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1 бірлікке көбейді және 65 бірлікті құрады (2013 жылы – 62 бірлік).

2013 – 2015 жылдар аралығында облысымызда мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында 40 жоба іске асырылды, қаржыландырудың жалпы бөлінген сомасы 51566,0 мың теңгені құрады. 2016 жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясындағы 15 жобаны іске асыруға бөлінген сома 20583,0 мың теңгені құрады [2].

Сонымен қатар, жастарға қолдау көрсету үшін облысымызда жастар істері жөніндегі Кеңестер жұмыс істейді. 2015 жылы барлық деңгейдегі әкімдер жанындағы жастар істері жөніндегі Кеңестердің 40 отырысы өткізілді. Облыстық деңгейде Кеңестің 2 отырысы өткізілді. 2016 жылдың басынан бері жастар істері жөніндегі Кеңестің 16 отырысы өткізілді, соның ішінде 1 – уі – облыстық, 1 – уі – қалалық, 14 – і аудандық.

### **Зерттеу нәтижесі**

Облысымызда жастарды жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. 2013 жылдың қараша айында облысымызда 14 жастар бастамалар орталығы құрылды. Олардың қызметінің негізгі бағыттарының бірі жұмысқа орналасуға көмек көрсету болып табылады. 2015 жылы жастар бастамалары орталығына жастардың арасынан 1644 адам хабарласты. 2015 жылдың басынан бері «Жастар бастамалары орталығы» КММ 306 адам хабарласты, оның 165 жұмысқа орналастырылды.

Талдау көрсеткендей, өтініштердің негізгі сипаты жұмысқа орналасу, баспанамен қамтамасыз ету, бос уақытты ұйымдастыру, психологтың және заңгердің консультациялық көмегі және жас отбасыларға қолдау көрсету жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар төңірегінде болды.

«Дипломмен – ауылға!», «Жастар тәжірибесі», «Жасыл Ел» және т.б. сынды бағдарламалар табысты іске асырылуда.

2013 – 2015 жылдар аралығында «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасын жүзеге асыру аясында 134,7 млн. теңге сомасына 1007 жас маман көтерме жәрдемақысын алды, 1337,9 млн. теңге сомасына 540 маманға кредит ұсынылды (1 Кесте).

2016 жылы «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасын жүзеге асыру аясында 36,8 млн. теңге сомасына 248 жас маман көтерме жәрдемақысын алды, 264,4 млн. теңге сомасына 99 маманға кредит ұсынылды.

Кесте 1 «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы

№ р/с	Жыл	Мамандар саны, адам.	Көтерме жәрдемақы, млн. теңге	Баспана алуға берілген кредиттер саны	Кредитке бөлінген сома млн. теңге
1.	2013	375	45,4	222	536,4
2.	2014	311	40,3	161	386,2
3.	2015	321	44,5	157	415,3

Дереккөз: Солтүстік Қазақстан облысының 2016–2020 жылдарға арналған аумақты дамыту бағдарламасы.

«Жастар тәжірибесі» бағдарламасы аясында 2013–2015 жылдар аралығында жұмыс берушілердің белсенді қолдауының арқасында «жастар тәжірибесіне» 1997 адам жолданды, қаржыландырудың жалпы сомасы 251,38 млн. теңгені құрады (2 Кесте).

Кесте 2 «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы

№ р/с	Жыл	Жұмысқа орналасқандар саны, адам.	Қаржыландыру көлемі, млн. теңге
1	2013	1058	129,76
2	2014	587	71,618
3	2015	352	50,006

Дереккөз: Солтүстік Қазақстан облысының 2016–2020 жылдарға арналған аумағымызды дамыту бағдарламасы

Жыл сайын өңірімізде «Жасыл Ел» бағдарламасы табысты іске асырылуда. 2013–2015 жылдар аралығында аталған бағдарламаны іске асыру аясында 974 адам жұмысқа орналастырылды. Оларға жалақы төлеу үшін облыстық бюджеттен 28,5 млн. теңге бөлінді (3 Кесте).

Кесте 3 «Жасыл Ел» бағдарламасы

№ р/с	Жыл	Жауынгерлер саны, адам	Қаржыландыру көлемі, млн. теңге
1	2013	328	9,5
2	2014	323	9,5
3	2015	323	9,5

Дереккөз: Солтүстік Қазақстан облысының 2016–2020 жылдарға арналған өңірді дамыту бағдарламасы.

Жастарды жұмысқа орналастырудың мемлекеттік қолдау көрсету шаралары нәтижесінде өңірімізде жастар өкілдері арасында жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі байқалуда. 2013 жылдың қорытындысы бойынша СҚО бойынша жұмыссыз жастардың деңгейі 7,6% – ды құрады, бұл республикалық (5,5% деңгейден 2,1 пунктке жоғары болды, ал 2015 жылдың қорытындысы бойынша жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 2,9% – ды құрады, ол жалпы республикалық (4,3%) көрсеткіштен 1,4 пайыздық пунктке төмен.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес 15–28 жас аралығындағы жалпы жастар санындағы NEET үлесі 2013 жылы – 9,9% – ды, 2015 жылы – 10,3% – ды құрады, айырмашылық 0,4 пайыздық пунктті құрайды. 2014 жылы статистикалық мәліметтерге сәйкес 15–28 жас аралығындағы жалпы жастар санындағы NEET үлесі – 7,9% – ды құрады. 2016 жылдың 2 тоқсанының қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 7,2% – ға тең [9].

Жыл сайын жастар үшін маңызды Солтүстік Қазақстан облысының жастар форумы, көше субмәдениеті фестивалін, «Жастар ауылы» жастар лагерін, облыс әкімі кубогы үшін қазақ және орыс тілдерінде КТК ойыны секілді әлеуметтік – маңызды жобаларды өткізу дәстүрге айналды.

2013 жылы алдын ала жұмыс жүргізілді. Соның нәтижесінде 27 колледжде комитеттер құрылды, колледж басшылығы мен ЖІК (жастар істері комитеті) белсенділерінің қатысуымен кездесу мен семинарлар өткізілді. 2015 жылдың қорытындысы бойынша адрестік жұмысты қамтамасыз ету мақсатында жастармен жұмыс және оқу орны бойынша облысымызда әр түрдегі 31 жастар істері комитеті жұмыс істеуде (24 – оқу орындарында және 7 – уі – кәсіпорындарда). ЖІК құру бойынша осыған сәйкес жұмыс ірі өндірістік ұжымдарда да жүргізілуде.

### Қорытынды

Қорытындылай келе, облыстағы саяси өзгерістерге сипаттама берілді, халыққа мемлекеттік қызмет көрсету деңгейі, сапасы талқыланды, облыстағы жастар саясатына талдау жасалып, кемшілікті тұстары анықталып оларды шешу мақсатында жүргізіліп жатқан мемлекеттік іс – шаралар беріліп, олардың орындалуының нәтижелері бағаланды. Барлық нәтижелер факті түрінде статистикалық мәліметтермен нақтыланды. Жалпы қол жеткізген нәтижелер аз емес, бұл жүргізіліп жатқан реформалардың маңыздылығы мен табыстылығын көрсетіп отыр. Бұл ретте жұмысты одан әрі жетілдіріп, белсенді, тұрақты даму және белгіленген міндеттердің орындалуы талап етілуде. Дегенмен, әлі де атқарылар істер алда.

### Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Президенті–Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму». – Астана, 2015.
2. «Солтүстік Қазақстан облысы». –Астана //«Фолиант», 2015.
3. СҚММ, 703–қ., I–о., 55–іс, 36–п.
4. ҚР президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттік жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы//www.akorda.kz.
5. 2016–2020 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысының аумағын дамыту бағдарламасы//uebp.sko.gov.kz.
6. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты – [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).



7. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті өзін – өзі басқаруды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2013 жылғы 13 маусымдағы Заңы//[www.adilet.zan.kz](http://www.adilet.zan.kz).
8. ҚР облыстарының дамуы бойынша ұлттық есеп// [www.stat.kz](http://www.stat.kz).
9. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ресми сайты – [www.mvd.kz](http://www.mvd.kz).